

Сандықтау ауданы Белгород ауылдық округі елді мекендерінің көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Сандықтау ауданы Белгород ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы № 4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 ақпанда № 5734 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 35, 37 баптарына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2016 жылғы 21 қазандағы корытындысы негізінде, Белгород ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сандықтау ауданы Белгород ауылдық округінің Преображенка ауылының көшелері қайта аталының:

- 1) Центральная көшесі Тәуелсіздіктің 25 жылдығы көшесіне;
- 2) Лесная көшесі Достық көшесіне.

2. Сандықтау ауданы Белгород ауылдық округінің Раздольное ауылының көшелері қайта аталының:

- 1) Придорожная көшесі Тәуелсіздіктің 25 жылдығы көшесіне;
- 2) Центральная көшесі Орталық көшесіне;
- 3) Клубная көшесі Ыбырай Алтынсарин көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Белгород ауылдық округінің әкімі

Б.Жангожин